

Жамбыл облысының фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарын дағдарыстан шығару бойынша Қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 сәуір N 424

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығы мен "Жамбыл облысының фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарды дағдарыстан шығару жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 ақпандағы N 195 P960195_ қаулысына сәйкес, сондай-ақ шетелдік инвестицияларды "Қаратау"

акционерлік-холдингтік компаниясын дамытуға тарту және республикалық бюджетке оның акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сатудан ақша қаражаттары түсуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Жамбыл облысының фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарын дағдарыстан шығару бойынша Қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның 1996 жылғы 5 сәуірдегі шешімі бекітілсін (N 5 хаттама).

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Мемлекеттік комитеті үш күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Инекон Групп" акционерлік қоғамына (Чех Республикасы) сату үшін "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясы акцияларының жалпы санының 51 проценті мөлшерінде оның акцияларының мемлекеттік пакетін беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Инекон Групп" акционерлік қоғамымен бірлесіп бес күн мерзім ішінде "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясының өндірістік және шикізаттық базасын кезең-кезеңмен дамытуға бағытталған инвестицияларын жүзеге асырудың жоспар-кестесін жасасын және оны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне бекітуге ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті бір апта мерзім ішінде "Инекон Групп" акционерлік қоғамымен "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясы акцияларының 51 проценті мөлшерінде оның акцияларының мемлекеттік пакетін сатып алу-сату контрактісін жасасын.

5. "Инекон-Групп" акционерлік қоғамымен жасалған контракт күшіне

енгеннен кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің айрықша шешіміне дейін "Жамбыл облысының фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарды дағдарыстан шығару жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы 13 ақпандағы N 195 қаулысындағы 2-тармақтың екінші абзацының 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарының қолданылуы тоқтатылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК